

1 2006

6019к

гі қазақ прозасы

ЖАҢАБЕК ШАҒАТАЙ ЫЗҒЫРЫҚ

ХИКАЯТ, ӘҢГІМЕЛЕР



қазіргі қазақ прозасы

ЖАҢАБЕК ШАҒАТАЙ

ЫЗҒЫРЫҚ

ХИКАЯТ, ӘНГІМЕЛЕР



Алматы
"Жазушы"
2005

821.512.122-3

ББК 84 Қаз 7-44

Ш 16

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі бағдарламасы бойынша шығарылды*

Шағатай Ж.

Ш 16 Ызғырық. Хикаят, әңгімелер.— Алматы: Жазушы, 2005.— 256 бет.
ISBN 9965-746-34-6

Қазақстан Жазушылар одағы М. Мақатаев атындағы сыйлығының иегері, белгілі қаламгер Жаңабек Шағатайдың жаңа кітабына “Ақ желкен арман” атты хикаяты мен бір топ әңгімелері еніп отыр.

Өмірдің, махаббаттың ішкі мәнін іздеуге ұмтылған жазушы өзін толғандырған күрделі ойларды кітап сүйер қауыммен бөліседі.

Мерзімді басылымдарда жарияланған әңгімелер шоғыры да оқырмандарды бейжай қалдырмасы көміл.

ББК 84 Қаз 7-44

Ш 4702250201-049
402 (05)—05

ISBN 9965-746-34-6

© Ж. Шағатай, 2005

© “Жазушы” баспасы, 2005

ХИКАЯТ

АҚ ЖЕЛКЕН АРМАН

Ана-оу шағылдардың ұшарлығы алтындай балқып, әдемі нұр саулайды, ал қолат-қойнау, төбе етектерінде қаракөлеңке ұйып тұр. Ашуы тарқай қоймаған кісінің кіржиіңкі қабағынан аусашы. Көзжиектен көтеріліп үлгерген күннің сәулесі топырақты әлі қыздыра қоймапты, қиғаштай құйылған жібек талшықтай нәзік сәуленің бояуы айқын, әйтсе де қызуы, оты жоқ. Таң алакеуімінде, күн ұясынан көтерілер алдында ғана дүниені бір уыс етіп бүрістіріп ала жөнелетін суықтың дымы, сызды лебі әлі қайта қоймаған.

— Қоңыр қозым-ау,— деді әжесі мүйізгек алақанымен маңдайынан сипап. Қолынан жаңа піскен нанның иісі сыздықтайды. — Ұйқың қанбай қалды ма? Әлгі шалы бар болғыр да тыным таппайды бір. Соның құнаны болмаса, бәйгеде қызық қалмайды дейді-ау. Қоя ғой, барсаң өзін бар дедім. Таңатпай қарғалай баланы дірдеттепте дедім. Бой беруші ме еді, айтқанынан өлсе қайтар. Жұрттың бәрін өз абызындағы кісі деп үйренген емес пе. Ойбуй, сөзді неменеге көбейтіп, көкіп тұрмын, бар, жуына ғой. Жаураған шығарсың...

— Жоқ, тоңғаным жоқ,— деп Берік кекілін желп еткізе басын шайқады. — Мен шынығып жүрмін ғой, әже.

— Ө-ә, онда мақұл. Күлше пісіріп қойдым. Ұмытпай ала кетерсің...

Күлше мен екі-үш жуа, бір кесек тоназыған ет салынған гүлді шыт қалтаны бауырына басқан Берік шөп салынған арбаның үстіне жайғасып та алды. Атасы делбені қағып:

— Ал жүрдік. Әйт, шүү, жануар,— деді даусы қарлығыңқырап. Байқауынша, ұйқыдан тұрған кісілердің бәрінің даусы қарлығы екен.

Мес қарын, сауырлы боз биенің селдір жалы сусылдады. Дарбазаны ашқан әжесі Күләйша жаулығы ағарандап, көпке дейін үйге кірген жоқ. Қалтадағы ыстық күлше бойына жылу дарытқан Берікті бір әлсіздік буып, көзі кіртііп қапты. Тек танауын жыбырлатқан нан иісі ғана мазалайтындай.

“Әжем пісірген нан ғой,— деп ойлады Берік ұйқылы-ою қалпы. — Дәмді шығар... Неге тәтті болмасын?!”

— Әй, абайла,— деп күңк етті атасы мойынын бұрмастан. — Ұйқтап қалып, дөңгелектің астына топ ете түспе.

Боз биенің жібек жалы гу-гу. Катқақ кара жолға тиген тұяқтың бір сарынды тоқылы, резина доңғалақты арба сатысының әлсіз сықыры әлдилейді. Жол жағасы бозаңытып, сүйіріктің нәрлі сүтенегі әлдекашан қатқан уак. Сортаңдау, құмшауыт жерлерге тамыр жайған ашы, жасыл жантақ та түйін салып, сәл болса қызғылт дәнегі саудырап, жайыла өскен, жиегі жырым-жырым түйе жапырақтың жаялықтай тұзды бетіне торс-торс тиері кәміл. Сирек, тырбынып қана жетілген теріскен атаулы тіпті ағайранданып, үшкіл пәркі күлгін тартып кеткен.

Атасы түнде, жатар алдында ғана Қайыркөлдің жағасына барамыз деген. Ауылдан біршама қашық. Осылай желдіртіп отырғанда, арбалы кісі бір жарым – екі сағатта өрең жетеді. Жаз бойы атасына еріп талай барған жері. Өстіп шөп шабуға. Әрине, көрші-қолаң сияқты машинаға ыңкитып тиіп, бір-ақ әкелуге де болады, бірақ одан атасы ат-тонын ала қашады. “Қойшы соны, май сасыған шөпті күрең қасқаға қайтіп бермекпін. Әл-өзір бақуатпын, күшім барда өзім шапқан майсаға не жетсін?” деп, ешкімнің айтқанына ырық берген емес. Бәрі де күрең қасқаның садағасы. Сосын жанына немересін ертіп алып, жаз бойы тыным көрмей қыбырлап жүргені. Әрине, Беріктің пайдасы да шамалы, құр кара. Әжесі айтатындай: “Барынан жоғы, ашынан тоғы”, бірақ атасы: “Шапқан шөбімді жинауға жарайды, қолқанатым менің!” Енді онысы әшейін-ақ сөз...

*...Келдик бизлар китарға-а,
Келдик гулайт итарға-а...*

Атасы үйреншікті ыңылына басты. Көңілі кошуақ болғаны. Онда діттеген жерге жеткен соң әуелі арбаны доғарып, боз биені ең от деген жерге шідерлейді де, шалғы орақтың қылпыған жүзін бас бармағымен басып-басып көреді. Нариза кейіппен ақжем мәсісінің қонышынан жіңішке қайрақ суырып, шалғы жүзін сүйсіне жаниды. Содан соң ғана шалғыны арбаға сүйеп, кең бешпентін шешеді де, маңдайын ақ сұрып орамалмен шарт буып, молдасын құрып бір сәт отырады. Айналаға көңілі тола, масаттана карап, мүйіз шақшаны мәсі қонышына сырт-сырт ұрып, бұйра, көк жасыл насыбайдың бір шымшымын екі танауға кезек тастаған соң күнге бетін тоса сәңкиіп қалады. Кенет қияқ мұрттың бір шалғысына жан біткендей едірен етіп, қайта құлайды да, кең танау кезек жыбырлайды. Келесі сәтте мұрттың екінші шалғысына жан бітеді. Содан кезек-кезек, қайшыласа шошаң қағып, қалың қастары бірігіп кетердей түйісіп, ұрты қимылдайды. Онсыз да әжімді жүз ию-қию. Үйден ала шыққан сусын мен азықты арба көленкесіне қойып, бетін шөппен жауып үлгерер Беріктің де андитыны осы сәт. Түп-тура күлдіргі, қызық кино көргенге бергісіз.

Шошандаған мұрттын кимылына орай екі жағына кезек теңселіп, отырып-тұрып, ал атасының ию-кию жүзі жыбырлай бастаған шақта кішкене алақанымен аузын басып, ішек-сілесі ката үнсіз күледі кеп, күледі кеп. Көзін тарс жұмып, күн сәулесіне бетін төсеп отырған атасы бір көзін сығырайта сәл ашады, сол сәтте... бүкіл денесі солқ етіп, түшкіріп салады. Берік иісі аңқыған балаусаны жапыра құлай кетіп, ішін баса домалайды-ай арлы-берлі.

– Жәрекімалда, – дейді атасы өзінен-өзі, кербездене мұрттын сылаған қалпы. – Аха-хай, жаным кіріп, көзім шырадай ашылды-ау.

Осыдан соң ғана орнынан тұрып, ақ сиса көйлектің белін сала құлаш белбеумен шарт буып: “Әп, біссімлла!” – деп іске кіріседі. Енді тоқтау, кідіру жоқ. “Қык... Қ-кык”. Бұл – атасы. Шалғыны құлшына сілтеген сайын терең дем шығарады. Қылпылдаған жүзінде күн сәулесі секіріп ойнаған шалғы “вжик, вжик...” деп үн қосады. Белуардан асатын жасыл балауса тіп-тік қалпында сабағы кесіліп, бір жағына қарай баяу жапырылып құлайды. “Қык... вжик”... Балауса жал-жал болып, жапырылып жатыр. Шалғы жүзі нілден көкпеңбек. Айнала тіпті жұпар аңкиды...

Е-ей...

Келдик бизлар китарга-а,

Келдик гулайт итарга-а...

Атасының ыңылы таусылар емес. Көлге жеткенше бітпесі де сөзсіз.

Қайыркөл – жұрт дабырлатқанмен тайыз, жайылма су ғана. Саздауыт кең жазанның дәп ортасында ауқымды жерді алып жатқан көлшіктің жағасы үкілі қамыс пен қоңырбас қоға. Әсіресе қоғаны айтсайшы, басын кесіп алып, кең аспанға қарай зырқыратып лақтырсаң, құйылып кеп, жерге дір етіп кадалады. Желді күндері жүгірер майда толқын қамыс пен қоғаның балағын сүйіп, тербейді. Қопаның іші нір-нір жалғыз аяқ жол, сиыр соқпақ. Сол жақ жағалау ғана құмшауыт, суы да аппақ қайыргүл мен балдырдан ада, сол тұстан үйірлі жылқы мен табын сиырлар жайылманы шалпылдата тұнықтан су ішеді. Ал қалған жағалаудың бәрі бағырлай мен бал құрақ жапқан былқылдақ саздауыт. Сондықтан көлік жақындауға мүмкіндік жоқ, бұл маңға шалғы да түсіп көрген емес. Ал қалың шабындық кең алқапты қарақұрым боп жапқан мыңғырған малдың тұяғына миземей жатыр. Әлі де көк жасыл, май тамып тұр. Атасы “Тозып, қопасы сиреп кетті” десе де, Берік бұдан өткен шүйгін жерді бұған дейін көрген жоқ.

Алыс көкжиектің астынан көк жасыл белдеу болып Қайыркөл де көрінеді. Жарқыраған айдын – жасыл жиек айнадай. Алыстан бір шоғыр болып көрінген нәзік иілген сәмбі талдар сымбатты-ақ, октай діндері мұның білегіндей ғана. Ұзынша тілкем жапырақтары

өлсіз самалмен сыбдырласып желбірейді. Ара-тұра бозша жиделер ұшырасып калуда. Берік еріксіз тамсанды. Әл-әзір ертерек қой, жиденің мәуесі пісе қойған жоқ шығар, кейінірек, охо-хо... Түйіртпек-түйіртпек, шәрбәт шырынға мәймілдегені сонша, мөп-мөлдір боп көрінер кара қоңыр мәуені уыс-уыс етіп ауызға тастап, тамсана толғағанда тамағы құрғап, бір жұтым су іздеп шапқылайтын кез туар...

— Тпру, жануар,— деді атасы делбені шірене тартып. — Келдік, балам. Әу, мен сені ұйықтап қалған екен десем, қиялдап отыр екенсің ғой. — Берік арбадан жеңіл ырғып түсіп, тақыр желкесін қасыды. Маса ызың ете қалған. Атасы қашаннан үйреншікті әдеттерін қайталады.

— Сен отыра тұр, шөп сәл дегдісін. Сосын арбаға тией берерсің.

Міне, “кык... вжик...” Айналаға өзгеше үн тарап, бір топ шыбын-шіркейді әуеге ду еткізді. Шалғының сырылы еді бұл. Арба жанына жантайған күйтақандай балақай атасының кимылын қадағалап жатыр. Көзін алмайды. Көйлегі ағараң-ағараң еткен атасы ақырын ұзап барады, Әлдеқайдан қаңғалақтап көбелек ұшып жетті. Алақандай қанатында ирек-ирек көк сызықтары, кей тұсында теңбіл сары дақтары бар. Бой ала қоймаған құрақтың пәрегіне қонып, нәзік, үлбірек қанатын еріне, баяу қағып қояды. Сол шақта әлгі иректер көгілдір толқынға айналып, теңбіл дақтар қалбаңдап ұшқан сап-сары жапырақтан аумай қалады.

Айналадан жалбыздың қышқылтым иісі жіңішкелеп, сызаттанып жетіп тұр. Бидайық пен бағырлайды, жасыл құрақты сусылдата соққан самал тым ерке. Алып-ұшпа, көрінгенге соқтыққан сотанак. Самал шайқады ма, көл жақтан шағала шаңқылдады. Жаз басындағыдай емес, мың сан бояулы, қызыл-жасыл көз қарықтырар гүлдер жоқ, бәрі ұшып кеткен. Түйін салған. Тек биік, ұзын жапырақ әредік қурайдың көкпенбек гүлі ғана көз сүріндіреді.

— Берік,— деп дауыстады атасы әудем жерден. Сәл кідіріп, маңдайындағы жылтылдаған моншақтай тер тамшысын жеңімен сыпырып тастады. — Әлгі сусынды бері өкеші. Күн ысыды ма, каталап қалғаным.

Ашымал күйған, сырты киізбен қапталған дүңгіршекті алып, құлдырандап жүгірді. Ыдыстың қақпағын бұрап ашып, бидай көжені ұзақ сімірген атасы “пф!” деп демін бір-ақ алды.

— Паһ, балдай екен, жарықтық. Өзің де ішпейсің бе?

Басын изеген балақай да сусыннан қылқылдатып екі-үш жұтты. Мұздай екен: отыз екі тісі сырқырап, қышқылтым дәм кеңсірігін жара жаздады, тіпті бар ғой, демі бітуге шақ қалған.

— Уһ, ащысын-ай,— деді Берік кекілі желп ете басын шайқап. Атасының қияқ мұртының астынан күлкі көтерілді.

– Беріктай, мен тағы біраз шөп шабайын. Өз шаруаңа кірісе бер. Екі жақтап қоян қашты қылайық.

Содан тыным алған жоқ. Құлашы жеткенге дейін арбаға шөпті жаймалап тиеп, бойы жетпеген уақта пішенді арба жанына әкеп үюмен болды.

Ақыры арбаны ыңкита тиеп, үстін қыл арқанмен мықтап бастыра тартқан соң ғана атасы екеуі ашымалды тағы да бөліп ішті. Ішіне шыжық салып пісірген таба нан тіпті тіл үйіреді екен. Көжені ұзақ, құмарлана сімірген Берік:

– Тәтті екен, – деп тамсанды. – Таусылып қалғаны өкінішті.

Атасы тағы да үнсіз жымыды. “Әй, карағым-ай, – деп ойлаған Жұман қария, – адал еңбекпен табылған қатықсыз кара су да балдай болатынына әлі талай көзің жетер. Тек арамынан сақтасын...”

Арба әлсіз ғана сықырлайды. Өтіп бара жатқан жаздың соңғы жұпары бойына сіңген пішен иісі танауын жыбырлатқан Берік еріксізден қайта-қайта түшкіреді. Кекіренін ащы дәмі тамағын қырпап, бақбақтың, әлдеқандай шөптің үлпілдек үпелегі әлсін-әлсін бетіне, ерніне қонады. Бидайықтың дертіп тұрған масағы денесін жыбырлатқанымен қоймай, өткір инесін сұғып алары бір қиямет.

Кенет... ту-у биіктен, ақ желкен бұлттардың арғы төсінен самолет үілдеді. Қаламсаптай күміс самолет көкпенбек зеңгірде ұп-ұзын ақ ұнтақ із қалдыратынын қайтерсің? Балақай шалқасынан жата қалып, әлгі ізге үнілді. Көп үнілді, көз алды сансыз сурет... Тек арба ғана ақырын сықырлайды.

... Төменге, көз ұшында шұбатылған жолға қараған. Ыңкита шөп тиеген арба жол үстінде қыбырлайды. Ал аспанға күн сала қараған ақ қалпақты шал тіптен шалқайып жатыр. “Мәссаған, мынау атам емес пе?! Тағы да шөп әкеле жатыр екен ғой. Әттең, самолетті менің айдап жүргенімді білмейді-ау. Қап, не істесем екен, ә?! Ә-ә, таптым!”

Самолет бағытын өзгертіп, кілт төмен шүйілді. Делбеге бой бермеген боз бие бет-алды шауып, тулап барады, тулап барады..

“Жоқ, бұлай болмайды! Атамның арбасы ауып қалар...”

Самолет оң қанатына аударылып түсіп, қайтадан биікке қайқан еткен. Көк аспан – дәптердің парағындай, ал ақ жолақ із сол парактағы күміс жазу секілді.

“Ата, бұл мен – Берік!”

– Оу, батыр, көзіңе кара! – Атасының даусы қиялын үзіп жіберді. – Құлайсың...

Ұртын томпайта гүжілдеп, қолымен ауаны кескілеп отырған Берік ұялғаннан күліп жіберіп, самолет соңынан қайта көз жүгіртті. Ақ жолақ із өшер емес. Тіп-тік созылып жатыр. Желкен сынды созыла, жайыла түсіпті.

“Қап! — деп ойлады балақай тақыр желкесін қасып. — Қап! Мен жазу білмейді екем-ау. Тезірек қыркүйек келіп, бірінші класқа барсам екен. Ең әуелі “ата, әже” деп жазуды үйренем ғой...”

Матикатика

— Ата, Берік қайда?

Күншуаққа жайғасып, сырғауыл сыптап отырған Жұман ақсақал ту сыртынан естілген нәзік дауысқа аспай-саспай мойын бұрған. Өзінің немересімен құралыптас бала мұрнын тартып, жалма-жан ышқырын қос білегімен көтеріп қойды.

— Уау, пайғамбардың мың бір аты бар, біреуі — “Ассалаума-ғалейкум!” Сөлемің қайда әуелі. Кімнің баласысың, а?

— Ассалаумәлейкөм. Әбітайдың... Берік қайда?

— Уағалейкүмиссалам. Мұның жөн,— деп жымиды қария балақанның аптығып айтқан сөздеріне мән берместен. — Шопыр Әбітайдың баласымысың?

— Ақа! — Бала мұрнын тартты.

— Дүре-ес. Атаңның хәлі қалай? Бакуат па?

— Бағана жоқ қарап кеткен. Ата десе, Беріктің қайда екенін айтыңызшы...

— Е-е, солай де. Ал Берікжанды неге іздеп жүрсің? Тығыз шаруа ма?

— Иә, ата, тығыз. Екеуміз биыл бір класта оқитын боламыз.

— Жөн-ақ. Кластаспын де. Бағанадан “қайда, қайда” деп, мәнкір-нәнқүрше тергегенше, сонынды айтпаймысың. Әй, Берік, сені кластасың күтіп тұр,— деп тағы да жымиды қария.

— Қазір,— деп айқай салды немересі ауызғы үйден. Ізінше өзі де есік алдына шықты. — Асылхан, сенсің бе? Жүр.

Екеуі күншуаққа келіп жайғасты. Ұзын сырғауылдың қалай сыпталғанын бақылап отыр. Болат жүзі жарқ-жүрқ еткен балта сілтенген сайын діттеген жерге дәл тиеді: сырғауылдың сүрегі әудем жерге ұшып түсіп, ширатылып қалады. Бүршіктеген қарағайдың, қалың орман, шіріген жапырақ, саңырауқұлақтың, күзгі жауынның иісі аңқиды. Зеңгірде мамырлай қалқыған бұлттардың көлеңкесі ауық-ауық күн көзін жауып қалады.

— Берік,— деді Асылхан досына күлімсірей қарап. Қарақат көзі ұшқын атып тұр. — Мектепке барамыз ғой, ә?

— Ақа!

“Арғы күні мектепке барады екен ғой бұлар,— деп ойлады шаруасын үзбеген Жұман қария. — Алып-ұшуларын...”

— Менің кітаптарым түгел. Тезірек алғашқы қоңырау болса екен. Әлі бақандай екі күн қалды.

– “Әліппем” бар, “букварь” бар. Тек... – Берік жеңіл күрсінді.
– Тек матикатикам жоқ.

Қария немересінің сөзін анық естіген. Үніндегі әлдеқандай өкінішті де аңғарды.

“Қап, – деді өзін өзі кінәлап. – Қара басып, онысын жадымнан шығарып алғанымды қарашы-ейі. Қой, іздеу салмаса болмас...”

– Беріктай, – деді құрал-сайманын қобдишаға салып жатып. – Биені жетелеп әкелші, мен киіне берейін.

Атасы сыртқа киініп шықты шыптай болып. Бір киер шибарқыт шекпенін, аяғына қонышы жұмсақ әміркен мәсісін, басына аппак киіз қалпақ киіпті.

Боз биенің жал-құйрығын сылап-сипап, кавказдатқан құранды ерді ерттеген соң, үстінен аппак жабу жапты, оюлы қоржынды да салған.

Жұман қария совхоз орталығындағы кітап дүкеніне түс ауа әрең жетті.

– Амансындар ма? – Үсті-басын қаққылаған қалпы есіктен жөткірініп кірген қария қалт тұрып қалсын.

Түріңкі ернін қызыл далаппен бояп, қабағының астына көк бояу жүгірткен, кекіл шашы көзіне түсе берер сатушы магнитофоннан төгілген тәтті әуенге басын қылтың-қылтың еткізіп, саусақтарын сыртылдатып отыр. Ештеңеге көңіл аударар емес.

– Иіііі, – деп тамағын қырнады қария. – Шырағым, бері қарашы...

Қыз магнитофонның даусын бәсейтіп, үндемеген қалпы бағжия қалды. “Айта беріңіз!”

– Шырағым, маған бір мәтикатика керек еді.

– Немене-е?

– Мәтикатика!

– Түсінбедім, ол немене?

– Бұл – кітап саудалайтын дүкен бе? – Қария айналасына сезіктене қарады.

– Аха. Бірақ, бізде матикатика...

– Иә, мәтикатика. Әуелі жөндеп тындап алшы, немерем биыл бірінші класқа баратын еді. Соның мәтикатика дегені жоқ екен.

– Тоқтаңыз, тоқтаңызшы, ата, – деді қыз кекілін желп-желп еткізе басын шайқап. – Бірінші класс деймісіз... Хи-хи... Ой, ішегім...

– Сатушы күлкіге шашалып қалған. Екі иығы селк-селк етеді. Тіпті, көзінен аққан бояуды сезген жоқ.

– Матикатика... Ой, оны сізге кім айтты?..

– Немере-ем... – Қария аң-таң. Мына күлкінің мәнін ұқпай тұр. Әлден уақта ғана күлкісін тыйған қыз:

– Кешіріңіз, ата, – деді жүзі алабұртып. – Матикатика емес, математика шығар. Ол мына кітап.

— Қайдан білейін, немеремнің айтқаны әлгідей еді. Осы шығар. Көп рақмет! — Қария қолына кітапты алып, жазуын ежіктеп оқыды.

“Е-е, күлсең, кәріге күл деген осы екен ғой. Байғұстың, тіпті, шегі түйіліп қала жаздағанын қарашы. Мейлі де, бәрінен баламның матикатикасы... түү, математикасы табылғаны әбүйір болды-ау”.

Күміс қоңырау күні

Күн жаңа көтерілсе де, қызыл алтындай жалқын жүзі сарғыш реңге ауысып үлгеріпті, әңгелектей дөнгеленіп көрінеді. Бауырын шапақ шалған қызғылтым бұлттардың бояуы сәт сайын алмасып жатыр: пышақ жүзіндегі жиегі қызыл нұрға малынып, мәужіреп тұр, одан кейін күлгін, қызыл сары бояу жүгірген; бұлттың қалың ортасында сарғыш бояу ыдырап, бозан тартады да, сәлден соң аспанда аппақ шуда бұлттар қалықтайды. Ауада әлдеқандай көгілжім мұнар бар, ал алыста тіпті ұйып қалыпты, әлдекім жеңіл, үлбірек жібек пердені дір еткізіп қозғағандай көлбендейді. Біресе сусылдап, толқынданып көзді алдайды.

— Құлыным-ау, — деді екі иінінен бу атқан самаурынды көтеріп келе жатқан әжесі. — Өстіп тұра бересің бе? Тездетіп беті-қолыңды жу. Киімдерінді дайындап қойдым. Мектепке атаң ертіп барады.

“Алақай, атамның өзі барады екен!”

Шайын апыл-ғұпыл ішті. Әжесі мұны жаңа көргендей айналып-толғанып отыр. Тек бір жолы ғана әлденеге ренжігендей болып:

— Бұлары несі? — деді жүзіне кірбің жүгіріп. — Әлгілерді айтамын. Тым-тырыс жатып алды ғой. Берікжанның бірінші класқа барғанын той қылып өткізем деуші едім.

— Малдан шыға алмай жатқан да, шаруаның қызған шағы.

— Сонда да бірі келіп қайтса тағынан түсе ме?

— Келер. Бір мал сойып, ауылдың қарияларын өзің-ақ шақырмайсың ба?

— Сөйтемін ғой. Қой, ойбай, кешігесіңдер. Киім, балам.

Берік ақ көйлек, сұрғылт костюм-шалбар киді. Шалбарының балағына шалынысып қалған.

— Әже, ұзын ғой, — деді амалсыздан ышқырын көтеріп.

— И-и, ештеңе етпейді-ей. Белдік тағасын, мына жерін бүйтіп қайырамыз.

— Әже...

— Түк қылмайды деймін. Күн санап өсіп келе жатқан баласың. Әлі-ақ тылтып қалғанын бір-ақ көресің.

— Ал, балам, — деп атасы орнынан тұрған. — Жүре ғой, кешігіп қалып, ұятты болармыз.

Беріктің бір қолында қоңыр портфель, екінші қолымен атасының жеңінен тас кылып ұстап алған. Әжесі ауланың дарбазасына дейін шығарып салды да, бетінен сүйіп:

– Бара ғой, құлыным,— деді иегі кемсендеп. — Бара ғой. Қадамың құтты болғай! Ғайып-ирен, қырық шілтен шылауында жүрсін...

Қария мен құйтымдай балақан мектепке кетіп барады!.. Ұзын көшенің бойы ылғи осындай кісілер, қол ұстасқан кәрі мен жас.

Мектептің ауласындағы үйеңкі, карағаштардың жапырағына алтын жалатқандай. Сап-сары. Сыбдыр-сыбдыр етеді. Бәрі әлдене айтатындай. Былдыр-былдыр сөйлесетін сияқты. Ересектер жағы қауқылдаса амандасып, бір-бірінің жағдайларын шүкшия сұрасып жатыр. Бірін-бірі жаңа, осы қазір көріп тұрғандай елпектейді.

– Оу, мынау сенің балаң ба? — деп сұрайды шын танданғансып. — Әлбетте! — деп жауап қатады екіншісі. Сөйтіп қасындағы балақайға жымия көз тастайды.

– Пәлі, зінгіттей жігіт болыпты ғой-ей. — Өзін мақтағанға қысылған “зінгіттей жігіт” мұндайда тым көңілшек болып кететін танауды қорс еткізіп қояды.

– Ол не дегенің, бұл батыр бірінші класка бармақ.

– Менің жаманым да оқуға келіп еді.

Қатар тұрған екі балақай бір-біріне жымындай қарап, қысық көздерін қысады; бұл белгіде үлкендер ұға қоймайтын көп мағына бар. “Әй, қойшы, бұлар не түсінеді дейсін. Гәп өзімізде, бірақ оны ешкім білмеуге тиіс!” Содан соң екеуі бір мезетте қосыла күліп жібереді; күлгенде кетік тістерінің арасынан тілдері жылтындайды...

Жүздері жайнаған оқушылар мектеп ауласында сап түзеп тұрған. Аласа бойлы, дембелше келген, сүйкілтым шашы қудай мектеп директоры ортаға шығып, ұзақ сөз сөйледі. Берік түк ұға алған жоқ. Әйтеуір құлағы күнгір-күнгір. Қара торы жүзі бір қызарып, бір сұрланады. Көзінің қарашығы тіптен ұлғайып кеткен.

– Қара,— деп сыбырлады атасы құлағына еңкейіп. — Қазір алғашқы қоңырау соғылады.

Алаңқайға кішкене қыз бала жүгіріп шықты. Бұрымына аппак бантик таккан. Онысы ақ көбелек секілді. Ақ сары жүзіне қызыл арай жүгіріп, алабұртып алған. Нәзік білегін жоғары көтеріп, күміс қоңырауды сыңғырлата қағып, томпаң-томпаң жүгіріп келеді. Күміс қоңырау сыңғыр-сыңғыр... Былдыр-былдыр... Өуезді үні құлаққа соншалық жылы, тіпті таныс, жүректі шымырлатады

– Көне, бірінші кластың оқушылары, мектепке кіріңдер,— деді шашын дөңгелентіп қидырған, дөп-дөңгелек қара көзіне мейірім

ұялаған әпкей. “Қуыршақтың көзіндеі екен!” деп ойлады Берік. — Жүре қойындар.

— Бар, құлыным,— деді атасы даусы дірілдеп. — Қатарынан, қалма. Мен ұялып жүрмейін, жақсы оқитын бол.

— Мақұл,— деп мұрнын тартты Берік. Тамағына ып-ыстық түйін тіреліп, көзі ашыды. Жылағысы кеп-ақ тұр.

Биік табалдырықтан аттай берген Берік сүрініп кетіп, ту сыртына бұрылып қараған. Атасы өзінен көз алмай тұр екен. Әлдене деп күбірлейді. Мұның кірпігінен екі тамшы үзіліп түсті. Орны терезенің алды боп шықты. Жапырақтар арасынан себезгілеп түскен сәулелер секіріп ойнап, асыр салуда. Ағаштар көрініп тұр.

— Балалар, мен сендердің класс жетекшілеріңнің, атым — Ғалия. Ғалия әпкей деулеріне болады,— деді тақта алдындағы мұғалима күлімсіреп. Күлгенде ақ құба жүзі шуақтанып, бетінде шұңқыр оймаланып қалады. — Келіндер, бәріміз танысып алайық.

Сол сәт соңғы партадан әлдекім:

— Ө-ө... — деп ішегін тарта өксіп жіберді. — Ө-ө...

Әпкей солай қарай ұмтылды. Ұзын бойлы, арықша қара бала партаны құшақтай жылап жатыр.

— Не болды? — деп сұрады Ғалия әпкей әбіржіп. — Айтшы, бір жерін ауыра ма?

— Жок. Ө-ө...

— Енді неге жылайсың? Қоя ғой... Айтшы, неге жыладың?

— Апамды-ы сағындым!.. Ө-ө...

Бірінші кластағы балалардың көзіне жас үйірілді. Әлдекім қорсылдатып мұрнын тартты. Ө-ө...

Бөтен қыз

Бүгін бірінші класта үлкен жаңалық болды. Қоңырау соғылардан сәл бұрын Асылхан жүгіріп кірген. Киімі алау-далау. Омартадай гулеп тұрған бөлме іші тым-тырыс. Бәрі де Асылханға антарыла қараған. Бір қолымен есік тұтқасынан тартып тұрған ол жаңалығын бірден лақ еткізді.

— Балалар, біздің класқа жаңа оқушы кепті. Қазір...

Қоңырау зың етіп, есікті әлдекім жұлқылады. Асылхан орнына зытты. Ғалия әпкейге еріп әлдеқандай қыз кірді. Ашаң жүзінде қызғылтым нұр бар, біресе бояуы қалындайды, біресе сейілгендей болады. Акшыл фартугі қылдырықтай белін қынап тұр. Мойылдай шашына такқан аппақ бантигі дір-дір етеді. Самал сокқанда гүлдер осылай дірілдейтін. Қыздың өзі де нәзік-ақ, жауқазыннан аусашы. Көзін жерден алмайды. Бір пәске ғана басын көтеріп, бөлме ішіне көз тастады. Қап-қара көздері соншалық тұңғиық екен, қайқылау

кірпігінің астынан сөлге толы жүзімдей жарқ етті. Бір сәттік батылдығына өзі қысылғандай жылдам-ақ көзін төмен салды. Ақша жүзі тағы да арайланды. Өзі де ұялшақ екен. Сәл дыбысқа елең етеді. Үркек. “Мәссаған, мына қыз қоян сияқты елеңдейді ғой. Аққоян десе болады екен”. Күлкісі келді.

— Балалар,— деді Ғалия әпкей класты көзбен шолып. — Біздің класка жаңа оқушы келді. Танысып қойындар. Аты — Ботакөз, фамилиясы — Нұғманова.

— Әпкей,— деп тызақтады мұндайда ешқашан тыныш отыра алмайтын Асылхан қылдырықтай мойнын созып. — Әпкей, ол неге оқуға кешігіп келген. Әй, қыз, неге кешіктің?

— Менің мамам... папам...

— Асылхан, тыныш отыр. Ботакөз қалада оқыған. Әкесі мен шешесі Сирия еңбекшілеріне көмектесуге кетіпті. Екі жыл сонда болмақ.

— Сирия?! Ол қай жақ?

— Араб жерінде. Мына жақта. — Ғалия әпкей қолын батысқа қарай сілтей салды.

“Оһо! Араб жерінде дейді. Құбылада. Атам айта беретін Мекке-Мәдине сол жақта ғой. Түйе мінетін бәдәуилер де”.

— Ботакөзді қайда отырғызамыз? Асылханның сұрағы таусылса, соны ойласайық.

— Апай, менің қасыма отырсын,— деді қыздардың бірі.

— Жок, ауылға, балаларға үйренгенше ұлдың бірімен отырғаны жөн. Берік, сен ығысшы, жаңа оқушымыз екеуің отырындар.

— Хи-хи... — деп шиқылдаған күлкі естілді екінші қатардан. — Берік қызбен қатар отыратын болды. Қызтеке...

— Доғар, Асылхан. Берік, жылжысаншы....

— Әпкей, мен... Аққоянмен...

— Қайдағы Аққоян?!

Әлгіден басы салбырап, үнсіз тұрған бөтен қыз бұған қарақат көзін жалт еткізіп қарады. Сол көзқараста: “Кімсің, қандай бала-сың сен?” деген сұрақ бар. “Түріне қарамай, ұялшағын” деген кінәлау бар секілді.

— Мен қарсы емеспін.

— Хи-хи. Қарсы емеспін. Қуанып тұрған шығарсың... Аққоян де. “Ақ қоян-ау, ақ қоян, үркек қоян, сақ қоян”. Хе-хе...

Берік екінші қатарға қарай жұдырығын түйді.

— Ал, балалар, қазір қай сабақ?

— Сурет. Сурет сабағы. — Класс гу ете түсті.

— Жаксы,— деп Ғалия әпкей тактаға бормен ирек-ирек сызықтар жүргізе бастады. Міне, бір ирек, екіншісі. Кенет такта бетінде нәзік гүлдер салынған әдемі құмыра шыға келді.

— Ал енді осыны көшіріп салындар. Кейінірек... бояу, қылқалам түрлерін, сұлба, негізгі сызық секілділерді өтеміз. Жылы бояу, суық бояуды да.

— Әпкей, бояудың суығы да бола ма? Бәсе, апам текемет басқанда бояуды қайнатады келіп, қайнатады келіп. Сосын асықтарымды салып жіберемін...

— Әй, Асылхан-ай, — деп жымиды Ғалия әпкей. — Қайдағы жоқты айтасың-ау.

— Оллаһи-біллаһи шыным. Асығым...

— Оны айтып тұрғаным жок. Бояу жылы, суық деп түстеріне қарай бөлінеді. Бірақ сендерге әлі ерте...

— Әпкей, әнеукүнгідей тең бұрышты жәшіктер салайықшы.

— Кетші-ей, жаман жәшігінді өзін сал, — деп тақ ете түсті Сәуле. — Гүл жақсы...

— Көрдің бе, Асылхан, сен жәшіктің, ал Сәуле гүлдің суретін салғанды ұнатады. Иә, жәшік салу онай болатын, ал мынау күрделірек. Топтама сурет. Біз де онайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге баруымыз қажет. Сонда ғана өсу болады.

“Ғалия әпкей қызық кісі осы. Кейде түсініксіз сөйлейді. Онайдан қашып, қиынға кім барады? Несі өсу оның?”

Ботакөз сыртында түрлі-түсті әріптердің суреті бар көкшіл сөмкесінен жалпақ қорап суырып алды. Біртегіс ұшталған бояу қарындаштар қылтияды. Көп-ақ. Іштей санап шықты, түп-тура жиырма төрт екен. Сурет дәптері де әдемі, сырты жалтырақ. Бояу қарындаштар тисе құлпырып сала береді. “Ехе-хе! Бізге мұндай дәптер қайда? Сирия делі ме жана? Араб елінде. Ол қайда өзі. Африка шығар. Жунгли, пальмалар. Тоқта, түйе тек құмда ғана болады ғой. Ендеше жунгли жок. Ал жунглисіз... Сирияда арыстандар бар болуы керек. Арыстан дегенің тіпті Алматыдағы хайуанаттар паркінде де бар дейді ғой. Өзін көрер ме еді шіркіннін. А-а-ар...”

— Берік, сен неге сурет салмай отырсың?

— Қазір, әпкей...

“Қандай болады екен, а? Жүйрік шығар... Қызық, күрөң қасқамен қуғанда жету мүмкін бе, әлде шаң қауып қаласың ба? Мына қыз білетін болар. Әке-шешесі хатпен жазып жіберген шығар. Қарашы, шүкшиуын өзінің”.

— Ей, Аққоян, тындашы! — Берік қыздың бүйірінен нұқып жіберді. Аңдаусызда селк ете түскен Ботакөз жалт бұрылған. Жанары боталап, мөлтілдеп тұр. Берік ынғайсыз күйге түсті. Даусы үзіліп-үзіліп шыққан.

— Сирияда... арыстан... бар ма?

— Берік, тыныш отыр. — Ғалия әпкейдің ренішті дауысы естілді.

Ботакөз бұған қарап тілін шығарды. Бәрінен жанына сонысы батқан. Сосын жан-жаңына алаңдамай сурет салуға кірісті.

Қолынан келерін аяған жоқ. Әуелі түйенің нобайын келтірді. Шудасы желкілдеп, шөлде желіп бара жатқанын салсам деп еді. Біресе бір сирағы екіншісінен ұзын боп кетеді, біресе иір мойнын келістіре алмады. Әсіресе қиналғаны — екі өркеш. Қисық-қисық. Қыстан көтерем боп шыққан осы совхоздың түйелерінен аусашы. Сызып, сызғанын саусақ ұшын тілімен жалап, қайта өшіріп, дәптері тесіле жаздады. Түйе үстіндегі адамды онай-ақ салған. Екі өркештің ортасын шеңберлеп сызып еді, адамның басы болып шыға келді. Сол сәт құлағының түбінен әлдекімнің демі сезілді. Ботакөз екен. Салған суреттен көз алар емес.

— Мынау не? — Саусағы майыса дәптер бетін нұқи көрсетіп сыбырлады. — Гүл емес қой.

— Әрине, гүл емес. Түйе! Арыстан қандай болады?

— Немене-е?!

— Арыстан деймін... Ар-р...

— Балалар, тездетіндер. Қазір қоңырау соғылады.

— Арыстан — дәу мысық. Жалы бар...

Берік әуелі дәу мысық салды. Тістері ақсифан. Бойы да түйенің тізесіне жетеді. Үлкейте берер еді, бірақ дәл қандай болатынын білмеген сон: “Осы да жетер” деп шешті. Сосын жалын боз биенің жібек жалындай желбіретіп, мойнына ұзын жіп тақты да, әлгі адамның қолына ұстатып қойды. Сол сәт қоңырау безектесін...

— Болды, салған суреттерінді жинандар.

Қас қылғандай мұның дәптері ең үстіне түскені. Ғалия әпкей ашып көріп, бұған аңтарыла қарады.

— Берік, сен ненің суретін салғансың?!

— Түйе мініп, арыстан жетелеген бәдәуи.

— Мен гүл салындар деп едім ғой.

“Ұрсатын болды. Ехе-хе...”

— Көрсетіңізші, әпкей. Көрейінші, әпкей. — Тағы да Асылхан. — Мәссаған, әпкей, мынау арыстан емес, ит қой. Қанден... Хе-хе... Берікке бірдене болған шығар, біресе Акқоян, біресе арыстан мініп, түйе жетелеген бәдәуи. — Әдейі бұзып айтып тұр. — Өзі бәдәуи болып кетпесін.

Класс іші омартадай гуілдеді. Ал осыдан соң Асылханға өкпелеп көрші.

— Күлмендер, — деп жымыды Ғалия әпкей. — Беріктің фантазиясы күшті екен. Ал фантазия — кез-келген өнердің ең басты алғы шарты.

Кейде Ғалия әпкейдің өстіп түсініксіз сөйлеп кететіні бар.

“Қандай ғажап, — деп іштей ойлады Ғалия дәптерлерін құшақтаған күйі есікке беттеп бара жатып. — Бала қиялы неткен күдіретті күш?! “Түйе мініп, арыстан жетелеген бәдәуи”. Осы сөздің өзі тұнып тұрған сурет емес пе? Дегенмен, Берік қиялшыл бала!”

“Ауылың қайда, су қайда?”

— Балалар, — деді Ғалия әпкей класты жанарымен шолып. Он жеті оқушы да бұдан көз алар емес. Бәрі қолдарын айқастырып, монтынып отыр. — Бүгін біз “к” дыбысынан басталатын сөздерді үйренеміз. Мәселен, қызғалдақ, қасқалдақ, қайла. Кәне, енді өздерін ойлап табындаршы. Кім айтады?

Класс бір сәт құлаққа ұрғандай тыныштыққа шомды. Оқушылардың бәрі жағын таянып, бірі маңдайын жиыра тыржитып ойланып отыр. Қыздар жағы самай шаштарын саусақ ұшымен шиыруда. Әшейінде тіл ұшында тұратын сөздер мұндай қысыл-таянда таптыра қоюшы ма еді?!

— Кәне, кім батыл? Сәуле, сен айтшы...

— Қасқыр, қозы.

— Дұры-ыс! Тағы да.

— Им-м... Қаз, қайшы, құлпынай.

— Жарайсың! Отыра ғой. Тағы кім ойланады?..

Ешкімнің батылы жетіп, суырылып шығар емес. Тек терезенің шынысын соққылаған әлдеқандай шыбынның әлсіз ызыны ғана мына тыныштықты бұзып тұр. Ашық терезеден жол таппаған неткен ақымақ десеңші?! Жеңіл, гүлді шыт перделер әлдеқайдан соққан самалмен дірілдеп, сусыл қағады. Иілген үйеңкі бұтақтарындағы жұқа, сары жапырақтар да дірілдеп тұр. Көбі тесіліп-тесіліп қапты.

“Қызық, — деп ойлады бір сәтке әлгі жапырақтарға жанар тоқтатқан Берік. — Жапырақтар да қартайды екен-ау. Қартайғаны сол, тіпті тесіліп те қалады екен”.

— Берік, сен неге алаңдап отырсың? Кәне, айта қойшы.

— Қарлығаш, қамшы, қарға, құмырсқа.

— Отыра ғой. Ойланындар. Қазақ тілінде сөз көп. Кәне, Олжабай, сен айтшы. — Ең соңғы партада отырған солақай Олжабай орнынан көтерілді. Желкесін қасып тұр. Сосын бөлменің төбесіне қарады, сонда оған ғана белгілі құпия жазу бардай, ұзақ үніліп, кенет:

— Кампит, — деп, терең дем алды.

— Немене?!

— Кампит!

— Ондай сөз жоқ. Дұрысы — конфет.

— Бәрібір емес пе, біз кампит дейміз.

— Жок, Олжабай, сөздерді дұрыс айтып үйрену керек. Басқа сөз ойлашы.

— Онда ендеше, қастрөнке.

— Не-е?! Ол не тағы?

— Тамақ пісіреді ғой. Апам ылғи “кастрөнке” дейді.

Класс іші ду ете қалды. Әсіресе, мұндайда асығы алшысынан тұра қалатын Асылхан ішін басып, парта үстінде құлап жатыр.

— Әпкей, немене, мен айтқанның бәрі қате бола ма?

— Дұрыс болады,— деп мырс етті Асылхан. — Апанның кастрөлі мен кампитынан басқасы.

— Олжабай, сен ренжіме. Шынында ол “кастрюль” деп аталады. Тіл тазалығы — адам мәдениетінің ең басты көрсеткіші. Сондықтан бәріміз таза сөйлеп үйренуге тиіспіз.

— Ендеше... құндыз, құлын, қарсақ, қоңыз,— деп, әлі біткендей орнына сылқ етіп отыра кетті Олжабай.

— Жарайсың. — Ғалия әпкей ақырын ғана жымыды. — Көптеген сөз біледі екенсің ғой. Енді кім айтады?

Екінші қатардың соңғы партасынан Сенбек қолын бір көтеріп, бір түсірді. Толқып, әлденеге батылы жетпей отыр.

— Сенбек, сен айтшы. Батылырақ болу керек мұндайда. Қателессең, бәріміз болып жөндейміз.

— Әпкей... әпкей, тағы бір қоңыз...

Сенбек көзінің қиығын терезе жаққа тастады. Балалардың бәрі солай қараған. Расында да, терезеге төніп тұрған үйенкінің үлбірек қағаздай жұп-жұқа жапырағында титімдей “хан қызы” жорғалап барады. Қызыл қанның тамшысындай. Қанатында түйіртпек қара дақтары бар, нәзік аяқтарын жылдам-жылдам қозғап жорғалаған уақытта түйір дақтар бір түске айналып, қара қошқылданып көрінеді.

Берік сап-сары жапыраққа алақанын тосты. Бір сәтке тосқауылға кезігіп, екі ойлы болғандай кідіріп қалған титімдей жәндік тосылған алақаннан өзіне қауіп сезбеді де, жорғалай жөнелді. Нәзік аяқтарының майда жыбыры еріксіз күлкі келтіреді дейсің бір. Шілденің шыжғырған ыстығында қалжыраған денеге қуат болатын ерке самал үп етіп, тал бойынды осылай аймалайтыны бар. Мынау да дәп сондай ерке, дәп сондай жұмсақ, қылықты.

“Ауылын қайда, су қайда?” — деп ақырын күбірледі. “Хан қызына” осыны айтсаң, әлдеқайда, қиялың жетпес қиянға ұшып кететіні бар. Қайда ұшарын жер бетінде ешкім білмейді. Әйтеуір алысқа... тым-тым алысқа-а ұшатын көрінеді. Үлкендер: “өзінің ұясына ұшады” дейді. Кім біліпті?! Ұшты, бітті. Балалар соңынан жүгіріп-жүгіріп, өкпесі өшкенде көрінбей кеткен бір тамшы шық — “хан қызының” соңынан үздіге қарап, білектері майыса қол бұлғап, қимай қоштасады әйтеуір.

“Хан қызы” кішкентай қанатын екі ойлы қомдаған. Қара дақты қызыл қанатына терезеден қиялай түскен күн сәулесі шағылысып, гауһардай нұр шашты: қатқыл қанатының астында тағы бір үлбірек,

бақбақ гүлдің үпелегіндей жұқа, шілтер қанаты көрінеді. Әлдеқандай леппен дірілдеген әлгі қанаттың ұшуға жаралғанына сену мүмкін де емес. Дір-дір...

“Аулың қайда, су қайда?”

Кластағы бар бала дауыстап айта бастады.

— Берік, қолыңдағыны ұшырып жібер. Терезеден. — “Хан қызы” әлі де ұшар емес. Кенет ақырын көтеріліп, үйеңкі бұтағын айналып ұша бастады.

“Аулың қайда, су қайда?”

— Ура, ұшып кетті! — Асылханның қуанышты даусына ешкім еліккен, қоштаған жоқ. Әлдекім үлкен адамдай терең күрсінді. “Уфх!”

“Хан қызы” бірте-бірте биіктеп, сәлден кейін тіпті көрінбей кетті. Балалар үнсіз. Кейбір қыздардың жанарына жас үйіріліпті. Бәрі де әлденені қимайтындай: егер сабақ болмаса мына “хан қызының” сонынан асыр салып жүгірер еді, қиянға жетер еді бұлар, өкпелері өшпес еді. “Е-ей, сабак! Оқу! Осыны кім ойлап тапты екен, ә?!”

Ғалия үнсіз жымыды. Сонау-у бала кезіндегі өздерінің қылығы есіне түсті, көз алдына әлдеқандай жұқа шілтер торласын.

Терезеден саулап, аңкылдап соққан самал перделерді сусылдатады; кекілдерді желпілдетіп ойнайды. Еркіндіктің самалы ғой....

Нөсерден соң

Ауыл іргесіндегі құмақ төбе — балалардың сүйікті орны. Жұрт мұхит асып, зар бола бір көруді тілек етіп баратын Америкадағы “Диснейлендтен” бір кем емес. Қызықты ойын атаулы да осында, балалар шекісіп қалса да осында кіжіндеседі, татулыққа келсе де осы төбені куә етиседі. Қысқасы, Сарытөбе Құндызды ауылының балалары үшін жерұйық; цирк те, қыдырар парк те, жеңімпаз анықталатын ринг те бір өзі. Өрістен қайтқан малды төбе басында тұрып күтіп, қызыл жалау, “Шпион мен милиция”, “трах-трах” ойнайды бұлар. “Трах-трах” — барлық балалар сүйіп ойнайтын “соғыс” ойынының осы ауылдағы өзіндік үлгісі; олай болары, бұл ауылдың дүкенінде заводтан шыққан жалтылдақ ойыншық қару емге жоқ. Балалар өздері-ақ сым темірден қолдан иіп жасап ала береді. Сосын теңдей екі топ болып, қолдарындағы сым темірден әдемілеп иілген пистолеттері мен автоматтарын алып, төбенің екі етегіне бөлініп кетеді де, сирек жыңғыл, теріскен түбін паналап, қарсыласын аңдып жатқаны. Автомат демекші, ол қарулардың бәрінің өзіндік аттары бар: бірі — “Қандыауыз”, енді

бірі – “Сатырлақ”, үшіншісі – “Тырапай асырар”. Олжабай секілді ойынпаздар ер серігі қаруын алып, жыңғыл түбін тереңдеп қазады да, бетін бұтақтармен жауып алады. Одан соң оны тауып көр! Сосын біреуі тығылған жерімді біліп қоймасын деп, “айғана-байғана-шайғана” деп айқай салады. Бұл ойын басталды деген белгі. Қызық, дәп осы белгінің қайдан, қалай шыққанын балалардың ешқайсысы білмейді, бас қатырып та ойлап көрген емес. Бұрынғылар да осылай дейтін, бұлар да солай. Сонымен қарсыластар бірін-бірі аңдып, жер бауырлай еңбектей жүріп атысады. Шынымен емес, әрине, ауызша. Қарсыласын әуелі байқап қалғаны: “Трах” деп айқай салады, “дұшпаны” мұрттай ұшып, ойыннан шығады. Ал қыздар жағы төбе басында өздерінше ойнайды. Күнде осылай. Бүгін де төбе маңында ойын-базар қайнап жатқан. Ұл балалар “трах-трахты” айқайласып жатыр, ал қыздар қашанғысындай төбе басында шуылдасуда. Күн көкжиекке еңкейіп қалды. Кенет сусылдап, күнбатыстан суық жел үлдеді. Әлгінде ғана қиғаштай құйылған нұрлы шуақтың астында құлпырып, мамыражай жатқан дүние бір сәтте сұрланып, қанын ішіне тартып алсын. Жер бетінен сарғыш тозаң көтеріліп, шаңғытып кетті; ызғардан жыңғылдың бұтақтары иіліп, жерге жабыса түскендей. Ауа да зілдене түскен.

Әлгінде, желдің алғашқы екпінімен ілесе тұнғыықтан су бетіне үмтылған сүліктей боп көгілдір аспанға шыға келген тоқымдай бұлттар бірте-бірте етек жайып, қомақтыланып келеді. Қара сұр бауырынан жаңбырдың дымқыл лебі есті.

“Бр-р...” Балалардың өн бойлары әлденеге діріл қағады, жаурағандай сезді өздерін. “Ух, қандай суық еді!..”

Әуелі ірі-ірі тамшылар батылсыз тамды. Жерге тигенде майда бұршақ сияктанып бос топырақ шүрк-шүрк тесік болды. Жалт еткен сәуле болмай, дүние бір пәсте күнгірт тартқан соң ба, жауын тамшылары май тамшысындай қара қошқылданып көрінеді. Кенет найзағай жарқ етті... Отты сызық қарауытқан бұлттардың бедірейген бауырын батыстан шығысқа қарай қақ айырып тіліп жіберді. Бүкіл дүние селк етіп, от сәулемен бірге ыршып түскен. Апырм-ай, мынау от қамшы қатты тиген шығар, ауыр бұлттар жаны шыға күніреніп, шыңғырып жіберді. Балалар құбыжық көріп, естен танғандай состиып қалған. Мына құбылыстың тосыннан, лезде болғаны соншалық, еш амал жасай алмады, қашып та үлгерген жоқ. Қолдарынан бар келгені жыңғыл түбін паналап, бір-біріне тығыла түскен. Жауын үдеп барады. Сарқырап құйғаны соншама, құмның өзіне сіңіп үлгермей жатыр. Қалың кенеп пердедей жел соққанда дірілдеп, шайқалып кетеді. Найзағай тағы жарқ етті. Беріктің жанары сары төбенің ұшарлығына түскен; әлдекім қолмен екі құлағын

басып, бүрісіп отыр. “Мәссаған! Мынау Аққоян ғой...” Берік төбе басына ұмтылды. Жүгіріп келіп, Ботакөздің білегінен ұстап, өзі паналаған жынғылға қарай жетеледі. Қыз мойынын ішіне тартып, нығы қушыып кеткен. Үрейі ұшқаны сөзсіз. Мақпал шаштары суға шылана тарамданып, ақша бетіне жабысып қалыпты. Еріні дір-дір етіп, күн күркіресе қара көздерін жұмып, бүрісе қалады. Жанбыр суы ма, әлде көз жасы ма, бет-аузы айғыз-айғыз. Осыншама шарасыз, бүріскен қалпын көргені бүгін. Кенет тағы да найзағай шарт етті. Аққоян – Ботакөз жалт бұрылып, екі сскөзін тарс жұмған қалпы Беріктің бауырына тығылды. Өн бойы діріл қағады. Жел жұлқыған жапырақ сияқты. Берік торғайдың балапанындай бүріскен қызды аяп кетті. Көкірегін әлдеқандай ыстық сезім шарпып, жүрегі шымырласын. Мандайынан сипағысы келді, бетін айғыздаған жанбыр тамшыларын алақанына жиып алғысы келді...

– Қорықпа, Аққоян! Бұл өткінші нөсер ғой...

– Қорқамын. Жер жарылып кететін сияқты.

Берік тоқтай қалып, тор көз шыт көйлегін үстінен сыпыра салып, Аққоян – Ботакөздің нығына жапты да, қолынан жетелеген күйі жүгіре жөнелді. Найзағайлар жарқ-жүрк етеді. Әйткенмен, бұлт өте шықты ма, әлгіндегідей емес, жауын саябырси бастады.

– Рахмет, Берік, – деді Ботакөз білек сыртымен бетін сүртіп тұрып. Күлімсіремек болды; еріндері икемге көнер емес. – Сен өте жақсы бала екенсің.

– Іхі. Әжем жақсы көреді.

– Немене? – Аққоян – Ботакөз ішек-сілесі ката күлген. Бір-ақ сәтте жадырап, әлгі қорқыныштың бәрін ұмытып шыға келді. Кірпігіне жалғыз тамшы ілігіп, бақбак гүлдің үпелегіндегі шықтай діріл қағады. Сол тамшы бірте-бірте қызғылтым тарта түскендей. – Әжем жақсы көреді деймісін?!

Сықылықтап күлген даусы әлдеқандай күміс қоныраудың үнінен аусашы.

Нөсер шығысқа қарай сырғып барады. Нәр-сөлін жер бетіне аямай күйған бұлттар пышақ жүзінде жұлқара түсіпті. Әл-өзір күн көзі көрінбей тұр; дегенмен бұлт атаулының бауыры қыпқызыл арайға малынған екен. Ауылдағы ақ шаңқан үйлердің шатыры мен қабырғаларында да қызғылтым сәуле шапақтанып ойнады. Дүние теп-тегіс қызғылт бояуға малынып, мәужіреп-ақ тұр. Сірә, анау қызыл бұлттардың сәулесі болса керек.

– Біздің ауыл әдемі екен ғой, – деді Ботакөз жүзінде қызғылт арай ойнап тұрып. – Сұлу екен. Қаладан да жақсы.

– Ақа...

Қуаныштан Беріктің жүрегі лүп ете қалды. Енді бұл Құндызды Аққоян -Ботакөздің де ауылы. Ол да жақсы көреді Құндыздыны.